

Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін берудің тәртібі мен шарттары жөніндегі Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 маусым N 720

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 маусымдағы Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

1. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін берудің тәртібі мен шарттары жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Облыстардың және Ақмола мен Алматы қалаларының әкімдері жеке тұрғын үй салу көзделген жалпы жер массивінен тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілер үшін жеке тұрғын үй салуға аумақтарды қалдыруды қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 7 маусымдағы

N 720 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін берудің тәртібі мен шарттары жөніндегі

ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілер үшін жеке тұрғын үй салуға жер учаскелерін берудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметшілерге бөлу үшін көзделіп жеке тұрғын үй салуға қалдырылған аумақтар тиісті қала құрылысы құжаттамасының негізінде, ереже бойынша, бірыңғай массивпен белгіленеді.

Мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін беру басым

тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін жер учаскесі 0,10 гектар көлемде тегін беріледі.

Белгіленген нормадан жоғары көлемде жер учаскесін беру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жалпы негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

4. Мемлекеттік қызметші жер учаскесін алу үшін тиісті жергілікті атқарушы органға немесе қызметші өзі кәсіптік қызметін атқаратын аппараттағы мемлекеттік органға өтініш береді.

Жер учаскесін алу үшін соңғы ретте мемлекеттік орган тиісті атқарушы органға кепілдеме жібереді.

Өтініш пен кепілдемемен бірге мыналар:

мемлекеттік қызметшіде жеке тұрғын үй салуға құқық беретін жер учаскесінің болуы немесе жоқтығы туралы анықтама (оны 7 күндік мерзімде жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық (қалалық) комитет береді);

мемлекеттік қызметшіде жеке меншік үй құрылысының болуы немесе жоқтығы туралы анықтама (оны 7 күндік мерзімде жылжымайтын мүлікті тіркеуді жүзеге асыратын орган береді) қоса беріледі.

Мемлекеттік қызметшінің өтінішінде мыналар болуы тиіс:

фамилиясы, аты, тегі;

тұрақты тұратын жері;

сұралып отырған жер учаскесінің орналасуға қолайлы орны (елді мекен және оның ауданы, көшесі, квартал номері және басқалары);

жер учаскесінің сұралған көлемі;

жеке құрылыс салушының тұрақты тұратын жерінен басқа жерден жеке тұрғын үй салуға құқық беретін жер учаскесінің болуы туралы мәлімет (жер учаскесінің орналасқан мекен-жайымен көлемі, осы учаскені беруші органның атауы, күні және шешімінің номері).

5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі осы мәселе бойынша шешім жобасын әзірлеу үшін жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық органға өтініш немесе кепілдеме жібереді.

Жер учаскесін беру жөніндегі шешім жобасында мыналар:

мемлекеттік қызметшінің фамилиясы, аты, тегі және жұмыс орны;

жер учаскесінің мақсатты пайдаланылуы;

жер учаскесінің аумағы және оның орналасқан жерінің сипаттамасы (елді мекен және оның ауданы, көшесі, квартал номері және т.б.);

жер учаскесі алынатын мемлекеттік жер пайдаланушы атауы;

жергілікті атқарушы органның бөліп берілген учаскеде орналасқан жылжымайтын

мүлікті бұзу (көшіру) бөлігіндегі міндеттемесі;
жасыл өскіндерді, жер асты коммуникациялары мен көркейту жөніндегі
ғимараттарды сақтау шарты;
басқа да шарттар болуы тиіс.

6. Жер учаскесін беру жөніндегі әкім шешімінің жобасы (қорытынды жасау ретінде) жер учаскесі алынғалы отырған мемлекеттік жер пайдаланушымен, жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық органмен, жергілікті экология және биоресурстар, сәулет және қала құрылысы, санитарлық-эпидемиялық қызмет, өрттен қорғау органдарымен (қажет болған жағдайда мүдделері жер бөліп беру көзделіп отырған басқа да ұйымдармен және мекемелермен) келісіледі және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің бекітуіне енгізіледі.

7. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі 10 күндік мерзімде мемлекеттік қызметшіге жер учаскесін беру жөнінде шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметшіге жер учаскесін беруден бас тартқан жағдайда оған бас тарту себебінің негіздемесімен жазбаша хат тапсырылады.

8. Жеке тұрғын үй салу үшін мемлекеттік қызметшіге жер учаскесін беру жөніндегі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің шешімі жер учаскесінің шекарасын белгілеу бойынша жерге орналастыру ісін толтыруға және жер учаскесіне тиісті құжаттарды х а т т а у ғ а н е г і з б о л а д ы .

9. Жеке тұрғын үй салуға жер учаскесін алу үшін мемлекеттік қызметшіге қажетті барлық құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ жер учаскесіне меншік құқығын беретін актті әзірлеу мен беру тегін жүргізіледі.